



«Біз елорданын қауіпсіздігін қолдаймыз» дәл осындай үранмен бүгін қазақстандық эстрада жұлдыздары МузАрт тобы, Айқын Төлепберген, Әли Оқапов, Қайрат Баекенов және RinGo тобы акцияға қатысып, Астана тұрғындарын орт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырды.

Бейнероликте Әли Оқапов қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырды: «Орт-тілсіз жау. Онымен күресу оңай іс емес. Ал оның күрсауына түскен адам өмірін арашалап қалу –ерлік. Бұл жұмысты күндіз-түні атқарып жүрген құтқарушылардың ескертулеріне құлақ асайық, халайық! Мен сіздерді орт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырамын!», - деді.


МузАрт тобы өз кезегінде қала тұрғындарына келесідей үндеу жолдады: «Құрметті ағайын, отбасыларыңыз бен жақындарыңызды қауіптен сақтап, мамандардың кенестеріне бей-жай қараманыздар. Орттің құрбаны болмас үшін – қарапайым сақтық шараларын сақтаныздар. МузАрт тобы халқымыздың амандығы мен саулығын тілеп, орт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға шақырады».


Оз сөзінде Астана қаласы ТЖ департаментінің бастығы Б.О. Дүзакбаев келесідей деді: «Тілсіз жаумен барлығымыз бірге күресуіміз керек! Эстрада жұлдыздарын орт қауіпсіздігі ережелерін насихаттау үшін тартуды біз бұған дейін жоспарлаған едік. Бұл ойымыз қалалық Әкімдіктің қолдауымен жүзеге асырылды. Біздің мақсат – баршаңыз өзіміз бен жақындарымыз үшін жауапты екенімізді халыққа жеткізу. Еліміздің әр азаматы орт қауіпсіздігі ережелерін білуі және оларды есте сақтауы қажет. Біз халық арасында қауіпсіздік ережелерін насихаттау бойынша ауқымды жұмысты жүргізудеміз және бұл ақпарат халыққа жетеді деген үміттеміз».

Елордалық ТЖ Департаменті бұл бейнероликті республикалық телеарналар және


акпараттық агенттіктерде, сонымен қатар қаланың LED экранында көрсететін болады. Сондай-ақ, халықты ескерту мақсатында бейнеролик Астана қаласы ТЖД-нің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады.

Астанада «Улы газдан сақтан!» акциясы аясында қала тұрғындары мен қонақтарын улы газдан уланудың қауіпі туралы қауіпсіздік шаралары жалғасуда.






Ежегодно в Астане происходит в среднем 600 пожаров
При этом ежегодно в результате пожара в среднем погибают
свыше 20 человек получают травмы свыше 30 человек
Пожарные столицы ежегодно при тушении пожаров спасают
более 100 человеческих жизней эвакуируют до 3000 человек



Ежегодно в Астане происходит в среднем 600 пожаров
При этом ежегодно в результате пожара в среднем погибают
свыше 20 человек получают травмы свыше 30 человек
Пожарные столицы ежегодно при тушении пожаров спасают
более 100 человеческих жизней эвакуируют до 3000 человек



**Өрт - тілсіз жау
Абай болыңыз!**

Астана қаласы ТЖД мемлекеттік тіл және ақпарат тобы